



**Француз Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы қаржыландыру туралы хаттаманы (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және кәріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасы) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 11 шілде N 232-II

Астанада 2000 жылғы 5 қазанда жасалған Француз Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы қаржыландыру туралы хаттама (Алматы қаласының сумен қамтамасыз ету және кәріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасы) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ  
МЕН  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ  
АРАСЫНДАҒЫ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал ету үшін Француз Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі өздерін біріктіретін достық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында осы Хаттаманы жасасуға уағдаласты.

#### 1-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕКТИҢ СОМАСЫ МЕН ОБЪЕКТІСІ

Француз Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы үшін басым жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржылық көмек бөледі. Ең жоғары сомасы 27,440 миллион Еуроны (жиырма жеті миллион төрт жүз қырық мың Еуро) құрайтын бұл жеңілдікті несие осы Хаттамаға 1-Қосымшада айтылған жобаны іске асыру үшін қажетті француз жабдықтарын және қызметтерді сатып алуды қаржыландырады.

## 2-БАП - ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ

1-Бапта айтылған жобаны қаржыландыру Францияның үкіметтік заемының есебінен қамтамасыз етіледі. Осы жобаға жататын әрбір келісім-шарттың бірінші аванстық төлемі көлік шығыстары мен сақтандырусыз, қаржыландырылатын келісім-шарт сомасының 10%-ынан бастап 20%-ын құрайды.

## 3-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕКТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕСІ

Францияның үкіметтік заемының мерзімі - 16 жыл, оның 6 жылы жеңілдік болып табылады. Жылдық пайыздық ставка - 2,1%. Негізгі сома 20 тең және тізбекті жартыжылдық жарналармен өтеледі, оның үстіне бірінші жарғының мерзімі қарыз алу жүргізілетін күнтізбелік тоқсан біткеннен кейін 78 ай өткен соң басталады; Пайыздар негізгі борыштың қалған сомасына есептеледі; Францияның үкіметтік заемы бойынша әрбір тираждың күнінен бастап өседі және жылына екі рет төленеді.

Егер негізгі сома бойынша немесе пайыздар бойынша өтеу күні Франциядағы жұмыс істемейтін күнге келсе, онда ол одан кейінгі жұмыс күніне ауыстырылады. Негізгі сома бойынша немесе пайыздар бойынша кез келген өтеудің мерзімін ұзарту берешектің күнінен бастап және оны іс жүзінде төлеу күніне дейін мораторийлік пайызбен - салық салуға әкеп соқтырады. Мораторийлік пайыз ставкасы француз заңымен белгіленген пайыздық ставка болып табылады, ол 2000 жылға арналған министрлік декретке сәйкес жылдық 3%-ға ұлғайтылған 2,74%-ды, яғни жылына 5,74%-ды құрайды. Егер осы мораторийлік пайыз бүкіл жыл бойы төленбеген болса, мораторийлік пайыздың өзіне жоғарыда келтірілген ставка бойынша пайыздар есептеледі.

Қолдану жөніндегі келісімге Француз Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан және тапсырмасы бойынша "Натексис банк популер" арасында немесе Қаржы министрлігі уәкілеттік берген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін кез келген орган қол қояды. Онда Францияны мемлекеттік

заемін пайдалану және өтеу ережесі нақтыланатын болады.

Осы үкіметаралық хаттаманы іске асыруға байланысты барлық келіспеушіліктер екі жақты дипломатиялық қарым-қатынастар шеңберінде шешілетін болады.

#### 4-БАП - ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ВАЛЮТАСЫ

Осы хаттаманың негізінде есеп айырысу және төлем валютасы Евро болып табылады.

#### 5-БАП - ЗАЕМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі түпкі заемшыға Француз Республикасы Үкіметінің мемлекеттік заемы ретінде мерзімі, жеңілдікті кезеңі және пайыздық ставкасы бойынша Евромен дәл сол сомаға және дәл сол шарттарда заем береді.

#### 6-БАП - ХАТТАМАНЫҢ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА КЕЛІСІМ-ШАРТТАР ҚАБЫЛДАУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Хаттаманың шеңберінде қаржыландыруға қабылданған келісім-шарттар "Халықаралық коммерциялық мәмілелердегі шетелдік мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі туралы" 1997 жылғы 17 желтоқсандағы ӘЭДҰ Конвенциясы сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы халықаралық нормалармен айыпталатын ешқандай да тәжірибенің мән-жайы болып табылмауына міндеттенеді.

Қосымшада айтылған жобаға қатысты әрбір келісім-шартты Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қабылдау мына төмендегілерге:

- келісім-шарттың тиісті жоғарыда аталған келісім-шартқа сәйкес келетін жобаның алдын ала бағалауының қорытындылары бойынша тұжырымдалған ұсынымдарға сәйкес келуіне;
- жобаның мемлекеттің қолдауын пайдаланатын экспорттық несиелерге қатысты ӘЭДҰ Келісінде көзделген ережелерге сәйкестігін тексеруге;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан Францияның борышы мен үкіметтік заемдарының мерзімін ұзарту туралы келісімдер бойынша берешектердің және уақытылы емес төлемдердің болмауына;
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның мемлекеттік секторына берілген КОФАС кепілдік берген банктік несиелер бойынша немесе Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігі бойынша берешектердің және уақытылы емес төлемдердің жай-күйін талдауға байланысты.

Қосымшада айтылған жобаға қатысты әрбір келісім-шарт құзыретті француз өкіметтері осы шарттар тиісті негізде сақталғанын анықтағаннан кейін Алматыдағы

құзыретті француз өкіметтерінің рұқсаттарымен және құзыретті қазақстандық өкіметтермен әрекет ететін Франция Елшілігінің Экономикалық кеңесшісі арасында хаттар алмасу арқылы оны Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қабылдау рәсімінен өтеді.

## 7-БАП - ФРАНЦИЯНЫҢ ҮКІМЕТТІК КӨМЕГІНІҢ ШЕКТІ МЕРЗІМДЕРІ

Жоғарыда келтірілген баптарда анықталған қаржылық көмекті алу үшін француздық беруші мен қазақстандық сатып алушы қол қойған келісім-шарттар Хаттаманың есебінен қаржыландыруға ең кеші 2002 жылғы 30 сәуірде қабылдануы тиіс.

Осы Хаттамамен берілетін, Францияның үкіметтік қаржыландыруы бойынша тираждар 2005 жылғы 30 сәуірден кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

## 8-БАП - САЛЫҚТАР МЕН БАЖДАР

Осы Хаттаманы орындауға байланысты қаржылық көмектің қаражаты Қазақстандағы салықтар мен баждарды төлеуге жіберілуі мүмкін емес.

Негізгі сома бойынша өтеу және осы Хаттаманы іске асыруға байланысты пайыздарды төлеу Қазақстандағы салықтар мен баждардан босатылады.

## 9-БАП - ЖОБАНЫ РЕТРОСПЕКТИВТІ БАҒАЛАУ

Француз Республикасының Үкіметі өз есебінен осы Хаттаманың есебінен қаржыландыруға қабылданған жобаның экономикалық, қаржылық және бухгалтерлік аспектілерін, атап айтқанда, оның Қазақстанның экономикасына әсерін бағалау үшін ретроспективті бағалауды жүргізе алады. Қазақстан

Республикасының Үкіметі, қалауы бойынша, зерттеулердің нәтижелерін тез алу үшін анықтау қажет ережеге сәйкес осы бағалауды жүргізуге қосыла алады. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне Француз Республикасының Үкіметі жіберген бағалау миссиясын қабылдау және жобаға қатысты ақпаратқа оның қол жеткізуін жеңілдету міндеттемесін алады.

## 10-БАП - КҮШІНЕ ЕНГІЗУ

Осы Хаттама:

- оған екі тарап та қол қойғаннан;
- оны құзыретті қазақстандық өкіметтер бекіткеннен;
- "Алматы су" бірлескен кәсіпорны мен Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкі немесе Халықаралық қаржы корпорациясы (Дүниежүзілік Банктің тобы) арасында осы Хаттаманың 1-қосымшасында көрсетілген жобаны бірлесіп қаржыландыру үшін кемінде 5 (бес) миллион АҚШ долларына бара-бар сомадағы Заем туралы келісімге қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН осы үшін тиісінше уәкілеттік берілген екі үкіметтің өкілдері осы Хаттамаға қол қойды және оған өздерінің мөрлерін қойды.

Төрт түпнұсқалық данада: екеуі француз тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды, бұл ретте француз тіліндегі мәтін - шынайы болып саналады.

Француз Республикасының  
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

## 1-ҚОСЫМША

Осы Хаттама бойынша бөлінетін 27,44 миллион Евро сомасындағы француз көмегі тіршілікке бейімді экономикалық шарттарда сумен жабдықтауды басқарудың берілуін қамтамасыз ету, сонысымен халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін Алматы қаласын сумен жабдықтау және кәріз инфрақұрылымын қайта жаңарту және жаңғыртудың бастапқы бағдарламасын француз фирмасының жеңілдікті шарттармен қаржыландыруына арналған.

Француз және қазақстан үкіметтерінің арасындағы су секторындағы ынтымақтастық жөніндегі әр түрлі іс-шараларды жалғастыратын осы жоба 1999 жылғы 27 қарашада Алматы қаласы мен "Алматы су" бірлескен кәсіпорнының отыз жылға " Contract for the Lease, Investment and Operation of the Potable Water and Waste Water Facilities" деп аталатын келісім-шартқа қол қоюымен \_\_\_\_ Алматы қаласы мен " Generale des Eaux" бірлестігі арасында

ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға мүмкіндік береді.

Осы жоба тым болмағанда, 5 миллион АҚШ долларына барабар сомаға Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің заемымен қосарлас қаржыландырылады

немесе Халықаралық қаржы корпорациясы қаржыландырады. "Алматы су" бірлескен кәсіпорнының осы заемды тартуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігінің берілуін талап етпейді.

1-қосымша осы Хаттаманың ажыратылмас құрамдас бөлігі болып табылады.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.